БЕКІТЕМІН

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы-Ректордың м.а.
_____ М.М. Умуркулова
«___» _____ 2026 ж.

Білім алушының бітіру жұмысын дайындау регламенті
(23.10.2026 ж. өзгерістермен, Ғылыми кеңестің №4 хаттамасы)

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы регламент студент пен магистранттың бітіру жұмысын дайындауға және рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптарды[1] белгілейді, докоранттардың диссертациялық жұмысының негіздемелік сипаттамаларын анықтайды.

1.1.1 Докоранттың диссертациялық жұмысын дайындауға және рәсімдеуге қойылатын талаптарды диссертациялық кеңестер[1] белгілейді.

1.1.2 Бітіру жұмысына қойылатын талаптарды бітіртіп шығарушы кафедра білім беру бағдарламасының ерекшелігін ескере отырып кеңейте алады және әдістемелік құжат түрінде рәсімдей алады.

1.2 Бітіру жұмысын білім алушы қорытынды аттестаттау шеңберінде бакалавриаттағы дипломдық жұмыс/жоба, магистратурадағы диссертациялық жұмыс/жоба және докорантурадағы диссертациялық жұмыс түрінде орындайды.

1.2.1 Бітіру жұмысын дайындауға қойылатын талаптар Білім алушыларды қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі регламентпен ұштасады.

1.3 Бітіру жұмыстарының тақырыбын бітіртіп шығарушы кафедра экономиканың түрлі секторлары саласындағы мемлекеттік міндеттер контексінде ғылым мен практиканың қазіргі заманғы дамуын ескере отырып әзірлейді және бекітеді. Бітіру жұмыстарының тақырыбы кафедраның бастамашыл тақырыптарының мәнмәтінімен, ҚР ҒжЖБМ-ның гранттық жобаларымен, ынтымақтастық туралы шарттармен, жұмыс берушілер мен практика базалары басшыларының талаптарымен байланысты болуы мүмкін.

Кафедраның бітіру жұмыстары тақырыбының жыл сайынғы жаңартылуы 20%-дан кем болмауы тиіс.

1.4 Білім алушының бітіру жұмысы ғалымдар, талдаушылар, практикалық мамандар, әдіскерлер, экономистер, инженер-конструкторлар жүргізген зерттеулер мен жобалық шешімдердің нәтижелерін зерделеуге, талдауға және қорытындылауға арналып, зерттелетін объект бойынша ғылыми негізделген теориялық тұжырымдар мен ұсыныстарды; нақты міндеттерді, мәселелер мен проблемаларды шешуге бағытталған нәтижелерді қамтуы тиіс.

1.5 Бітіру жұмысында келтірілген деректердің дәлдігі мен объективтілігі үшін білім алушы мен ғылыми жетекші жауапты болады.

1.6 Дипломдық жұмыстар, магистрлік диссертациялар мен жобалар қорғаудан кейін бітіруші кафедра тарапынан кафедра меңгерушісі бекіткен тізімдеме бойынша «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ-ның мұрағаты мен

[1] www.nauka.kz (Документация)

ғылыми кітапханасына электрондық түрде тапсырылады.

Істер номенклатурасында көрсетілген сақтау мерзімі өткеннен кейін жұмыстар «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ Басқарма төрағасы – ректорының бұйрығымен құрылған комиссияның актісі негізінде есептен шығарылады. *(өзгерістер Ғылыми кеңестің 23.10.2026 ж. №4 хаттамасына сәйкес енгізілді).*

Оқу-әдістемелік көмек көрсету, конкурстарға қатысу, оқу процесіне енгізу мақсатында академиялық мәселелер жөніндегі проректордың рұқсатымен жұмыстың электрондық көшірмесі алынып, Интернет желісінде орналастырылмауына кепілдік беретін мүдделі тарапқа беріледі.

2. Студенттің дипломдық жұмысының негізгі сипаттамалары мен құрылымы

2.1 Дипломдық жұмыста студенттің білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін өзекті мәселені өз бетінше зерделеуінің жалпыланған нәтижелері қамтылған.

2.2 Дипломдық жұмыстың негізгі мақсаттары:

1) студенттердің оқу процесінде алған теориялық және практикалық білімдерін қолдануы;

2) ғылыми мәселені зерделеуде ғылыми зерттеу және/немесе эксперимент жүргізу әдістемесін меңгеру;

3) білім беру бағдарламасын меңгеруді аяқтайтын студенттің кәсіби дайындық деңгейін анықтау.

2.3 Дипломдық жұмысты дайындау барысында студент келесі мәселелердің шешімін көрсетуі керек:

1) таңдалған тақырыптың өзектілігі мен маңыздылығын негіздеу;

2) зерттеу объектісі мен мәнін анықтау;

3) проблеманың зерделену күйіне талдау жүргізу;

4) деректерді өз бетінше жинау;

5) зерттеу нәтижелерін жалпылау, зерттеудің нақты қорытындыларын тұжырымдау;

6) қол жеткізген нәтижелерді жалпылау негізінде зерттеу объектілерінің қызметін жетілдіру жолдарын немесе нақты мәселелерді, міндеттерді шешу жолдарын ұсыну;

7) ғылыми баяндау стилін қолдану.

2.4 Дипломдық жұмысты дайындау барысында студентке ұйымдастырушылық қолдау көрсетілуі керек:

1) бітіртіп шығарушы кафедра ағымдағы оқу жылының қазан айында бітіруші курстың студентіне оның кафедра меңгерушісінің атына жазылған өтініші негізінде белгіленетін және академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ-дың Басқарма төрағасы-ректорының бұйрығымен бекітілетін зерттеу тақырыбын таңдауды ұсынады. Бітіру жұмысының бекітілген тақырыбы қажет болған жағдайда бітіртіп шығарушы кафедра меңгерушісінің дәлелді ұсынысы негізінде түзетілуі мүмкін.

2) бітіртіп шығарушы кафедра академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ-дың Академиялық саясатының «Білім алушының ғылыми-зерттеу жұмысы» бөлімінде міндеттері айқындалған ғылыми жетекшіні тағайындайды.

3) бітіртіп шығарушы кафедра меңгерушісі бітіру жұмысын орындау туралы студенттің аралық есептерінің мерзімін белгілейді.

4) ғылыми жетекші студентке 1, 2-қосымшаларға сәйкес дипломдық жұмысты/жобаны орындау үшін тапсырма береді, олар дипломдық жұмысқа титул парағынан кейін нөмірленбей тігіледі, бірақ жалпы көлемге кіреді.

2.5 Дипломдық жұмыстың құрылымы:

1) Мұқаба

2) Титул парағы

3) Дипломдық жұмысқа/ жобаға тапсырма
4) Мазмұны
5) Нормативтік сілтемелер (қажет болған жағдайда)
6) Анықтамалар (қажет болған жағдайда)
7) Белгілер мен қысқартулар (қажет болған жағдайда)
8) Кіріспе
9) Негізгі бөлім
10) Қорытынды
11) Пайдаланылған дереккөздер тізімі
12) Қосымша (қажет болған жағдайда)
13) Ілеспе құжаттар:

а) «Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ-да оқу, ғылыми, дипломдық жұмыстарды, магистрлік және докторлық диссертацияларды плагиатқа тексеру тәртібі туралы ережеге» сәйкес дипломдық жұмыстың плагиатқа тексерілгенін растайтын құжат;

б) нормалық бақылау нәтижелері;

в) рецензия;

г) ғылыми жетекшінің пікірі.

3. Магистранттың диссертациялық жұмысының негізгі сипаттамалары мен құрылымы

3.1 Магистранттың диссертациялық жұмысы (бұдан әрі – магистрлік диссертация) дербес зерттеу болып табылады, онда теориялық ережелер әзірленеді немесе әлеуметтік-мәдени, білім беру, экономикалық маңызы бар ғылыми проблеманың шешімі көрсетіледі, не ғылыми тұрғыдан негізделген педагогикалық, әдістемелік, қолданбалы, техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешімдер баяндалады.

3.2 Магистрлік диссертация келесі талаптарға сай болуы керек:

1) магистрант білім алатын білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келуі тиіс;

2) қорғалатын негізгі ережелер бойынша ғылыми-зерттеу/ эксперименттік-зерттеу бөлімдерін қамтуы керек;

3) маңызды әлеуметтік-мәдени, экономикалық немесе саяси маңызы бар ғылыми проблеманың шешімін қамтуға тиіс;

4) ғылыми жаңалық пен практикалық маңыздылықты қамтуы керек;

5) ғылымның, техника мен өндірістің қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне сүйенуге, нақты практикалық ұсынымдарды, кешенді, функцияаралық сипаттағы басқару міндеттерінің дербес шешімдерін қамтуға тиіс;

6) ғылыми негізделген ережелерді, қорытындыларды, практикалық ұсынымдарды құрайтын нәтижелерді қамтуға тиіс, олардың жиынтығы тиісті ғылыми бағытты дамытуға ғылыми үлес ретінде бағалауға болады; нәтижелер мынадай деңгейлердің бірінде: халықаралық деңгейде; салааралық деңгейде; сала ауқымында; ұйым шеңберінде жүзеге асырылуы тиіс.

7) теориялық маңызы бар диссертацияда ғылыми тұжырымдарды қолдану бойынша ұсыныстар болуы керек.

8) қолданбалы мәні бар диссертацияда авторлық куәліктермен, патенттермен, жарияланымдармен және басқа да ресми құжаттармен расталған автордың қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің практикада қолданылуы туралы мәліметтер келтірілуі тиіс;

9) қолданбалы мәні бар диссертацияны орындау нәтижелері аяқталған, өлшенетін/сезілетін болуы тиіс; олар қолданыстағы прототип, құрылғы, бағдарламалық өнім, шешілген математикалық тапсырма/проблема және т.б. моделі түрінде ұсынылуы мүмкін.

3.3 Магистрлік диссертацияны дайындау барысында магистрант мынадай міндеттердің

шешімін көрсетуі тиіс:

1) зерттеу тақырыбының өзектілігін негіздеу;
2) зерттелетін тақырыптың зерделенуіне талдау жүргізу;
3) қол жеткізген нәтижелерді теориялық тұрғыдан түсіну, олардың практикалық маңыздылығын көрсету;
4) зерттеу нәтижелерінің жаңалығын негіздеу;
5) заманауи зерттеу әдістерін білу, ғылыми эксперименттер жүргізу, зерттеу әдіснамасын құру қабілетін көрсету;
6) магистранттың кәсіби саласына байланысты ғылым мен практика жетістіктері тұрғысынан қол жеткізген нәтижелердің теориялық және практикалық құндылығы туралы өз көзқарасын қалыптастыру;
7) ғылыми баяндау стилін қолдану.

3.4 Диссертациялық жұмыстың құрылымы:

1) Мұқаба
2) Титул парағы
3) Диссертацияға/жобаға тапсырма
4) Мазмұны
5) Нормативтік сілтемелер (қажет болған жағдайда)
6) Анықтамалар (қажет болған жағдайда)
7) Белгілер мен қысқартулар (қажет болған жағдайда)
8) Кіріспе
9) Негізгі бөлім
10) Қорытынды
11) Пайдаланылған дереккөздер тізімі
12) Қосымша (қажет болған жағдайда)
13) Ілеспе құжаттар:

а) «Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ-да оқу, ғылыми, дипломдық жұмыстарды, магистрлік және докторлық диссертацияларды плагиатқа тексеру тәртібі туралы ережеге» сәйкес диссертацияның плагиатқа тексерілгенін растайтын құжат;

б) нормалық бақылау нәтижелері;

в) қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі реферат;

г) рецензия;

д) ғылыми жетекшінің пікірі.

4. Студент пен магистранттың бітіру жобасының негізгі сипаттамалары мен құрылымы

4.1 Бітіру жобасы – білім алушының/білім алушылардың кәсіби міндеттердің бірегей шешімдерін ұсына алу қабілетін бағалауға мүмкіндік беретін теориялық және/немесе эксперименттік нәтижелерін қамтитын білім алушының немесе білім алушылар тобының өзіндік жұмысы.

4.2 Бітіру жобасы жаңа объектілерді құруға бағытталған теориялық және тәжірибелік зерттеулерге негізделуі керек.

4.2.1 Бітіру жобасы бизнес-жоба; заңнамалық акт жобасы, халықаралық шарт, оған түсініктеме; тапсырыс берушіні дамыту стратегиясы; талдамалық есеп; маркетинг жоспары; бизнес-жоспар түрінде, сондай-ақ басқа да нысандарда ұсынылуы мүмкін.

4.3 Бітіру жобасының құрылымы мыналарды қамтуы керек:

1) Мұқаба
2) Титул парағы
3) Жобаға тапсырма
4) Мазмұны

5) Нормативтік сілтемелер (қажет болған жағдайда)
6) Анықтамалар (қажет болған жағдайда)
7) Белгілер мен қысқартулар (қажет болған жағдайда)
8) Кіріспе
9) Негізгі бөлім
10) Қорытынды
11) Пайдаланылған дереккөздер тізімі
12) Қосымша (қажет болған жағдайда)
13) Ілеспе құжаттар:

а) «академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ-да оқу, ғылыми, дипломдық жұмыстарды, магистрлік және докторлық диссертацияларды плагиатқа тексеру тәртібі туралы ережеге» сәйкес жобаның плагиатқа тексерілгенін растайтын құжат;

б) нормалық бақылау нәтижелері;

в) рецензия;

г) ғылыми жетекшінің пікірі.

4.3.1 Кіріспе жұмыстың келесі аспектілерін ашуы керек:

1) объектіні жобалаудың орындылығын және оның мақсатын;
2) жобаланатын объектінің жаңалығын;
3) объектіні жобалау әдістерін/тәсілдерін;
4) жобаланатын объектінің практикалық маңыздылығын.

4.3.2 Негізгі бөлім жаңа объектіні жобалау процестерін сипаттайтын бөлімдерді және/немесе кіші бөлімдерді, жобалық шешімдердің негіздемесін, объектінің айқын бейнесін қамтуы тиіс.

4.3.3 Қорытындыда жобалау нәтижелері болуы керек.

4.3.4 Пайдаланылған дереккөздер тізімі осы Регламенттің 5.9-тармағының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

4.3.5 Қосымша осы Регламенттің 5.10-тармағының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

4.3.6 Бітіру жобасын техникалық ресімдеу осы Регламенттің 6-бөлімінің талаптарына сәйкес келуі тиіс.

4.3.7 Қажет болған жағдайда бітіру жобасының құрылымы және оның техникалық ресімделуі қойылған міндеттер мен мәлімделген тақырыптың ерекшелігін ескере отырып түзетілуі мүмкін.

4.4 Бітіру жобасы жеке және топпен орындалуы мүмкін. Топтағы білім алушылар саны үш адамнан аспауы тиіс. Бұл жағдайда ғылыми жетекші тапсырманы қалыптастыру кезінде топтың әрбір мүшесі үшін экспериментті жүзеге асырудың жеке траекториясын анықтауы керек.

4.5 Бітіру жобасы зерттеу объектісі мен нысанасына сәйкес серіктестік ұйымдар базасында ынтымақтастық туралы шарт шеңберінде орындалуы мүмкін.

5. Студент пен магистранттың бітіру жұмысының құрылымдық бөліктерінің мазмұнына қойылатын негіздемелік талаптар

5.1 Мұқаба және титул парағы:

а) жұмыстың алғашқы беттері, олар құжатты өңдеуге және іздеуге қажетті ақпарат көзі ретінде қызмет етеді;

б) титул парағында білім алушы мен ғылыми жетекшінің көк сиямен қойылған жеке қолы болуы тиіс.

Жұмыстың мұқабасы мен титул парағын ресімдеу үлгілері 3-4-қосымшаларда келтірілген.

5.2 Жұмыстың мазмұны:

а) бастапқы беттері көрсетілген жұмыстың барлық құрылымдық бөліктерінің атауын қамтиды.

Мазмұн үлгісі 5-қосымшада көрсетілген.

5.3 Нормативтік сілтемелер:

а) жұмыс мәтінінде сілтемесі бар нормативтік құжаттардың тізбесін қамтиды;

б) құжаттар тізбесі: «Осы жұмыста мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды: " деген сөздерден басталады, содан кейін 1)-үлгідегі үздіксіз нөмірлеу қолданылады;

в) құжаттар белгілердің тіркеу нөмірлерінің өсу ретімен орналастырылады;

г) бұл құрылымдық элемент міндетті емес және жұмыс құрылымына қажет болған жағдайда кіреді.

5.4 Анықтамалар:

а) жұмыста қолданылатын терминдер мен ұғымдардың түсіндірмелерін қамтиды;

б) анықтамалардың тізбесі: «Осы жұмыста тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер мен ұғымдар қолданылады: » деген сөздерден басталады;

в) тізім алфавиттік ретпен беріледі;

г) әр термин/ ұғым жаңа жолдан және бас әріптен басталады. Термин/ ұғым және оның түсіндірмесі сызықша белгісімен бөлінеді.

е) бұл құрылымдық элемент міндетті емес және жұмыс құрылымына қажет болған жағдайда кіреді.

5.5 Белгілер мен қысқартулар:

а) жұмыста қолданылатын белгілер мен қысқартулардың тізбесін қамтиды;

б) қажетті түсініктемелері мен толық жазылуы көрсетілген белгілелер мен қысқартулар алфавиттік ретпен беріледі.

5.6 Бітіру жұмысының кіріспесі:

а) Дипломдық жұмыстың кіріспесі тақырыптың өзектілігінің негіздемесін; Зерттелетін проблеманың зерделену дәрежесін; Зерттеу мақсатын; Зерттеу міндеттерін; Зерттеу әдістерін; Зерттеу объектісі мен мәнін; Жұмыстың теориялық және (немесе) практикалық маңыздылығын; Жұмыс құрылымының сипаттамасын қамтуы тиіс. Кіріспе құрылымы ғылыми жетекшінің және/немесе білім алушының қалауы бойынша кеңейтілуі мүмкін.

б) Магистрлік диссертацияның кіріспесі тақырып өзектілігінің негіздемесін; Зерттеудің әдіснамалық негізін және әдістерін; Зерттеу объектісі мен мәнін; Зерттеу мақсатын; Зерттеу міндеттерін; Зерттеудің ғылыми жаңалығын; Жұмыстың теориялық және (немесе) практикалық маңыздылығын; Қорғалуға жататын ережелерді; Жұмыс құрылымының сипаттамасын; Қол жеткізген нәтижелердің апро-бациясын қамтуы тиіс. Кіріспе құрылымы ғылыми жетекшінің және/немесе білім алушының қалауы бойынша кеңейтілуі мүмкін (мысалы, Гипотеза; зерттеу/эксперименттің негізгі кезеңдері және т.б.).

5.7 Жұмыстың негізгі бөлімі:

а) орындалған жұмыстың мәнін, әдістемесін және негізгі нәтижелерін көрсететін деректерді қамтуы тиіс;

б) сонымен қатар, магистрлік диссертацияда келесі аспектілерге назар аудару керек:

- зерттеу бағытын таңдаудың негіздемесі, таңдалған ғылыми зерттеу/ эксперимент әдістемесінің сипаттамасы;
- теориялық және (немесе) эксперименттік зерттеулер логикасы;
- алға қойылған міндеттерді шешудің толықтығын бағалау және жұмыстың бағыттары бойынша ұсыныстар;
- қол жеткізген нәтижелердің шынайылығын бағалау және оларды отандық және шетелдік зерттеушілердің ұқсас нәтижелерімен салыстыру;

в) теориялық, аналитикалық, қорытындылаушы, ұсынымдық сипаттағы бөлімдерге бөлінуі керек, олар өз кезегінде кіші бөлімдерді қамтуы мүмкін. Әрбір бөлім мен кіші бөлім толық ақпаратты қамтып, жиынтығында зерттеу тақырыбын ашуы тиіс.

5.8 Жұмыстың қорытынды бөлімінде:

а) зерттеудің қысқаша қорытындылары, қойылған міндеттерді шешудің толықтығын бағалау, талданып отырған зерттеу объектісі бойынша нақты ұсыныстар, зерттеліп отырған проблеманы зерделеу перспективалары қамтылуға тиіс;

б) сонымен қатар, магистрлік диссертациялар орындалған жұмыстың ғылыми деңгейінің осы саладағы озық жетістіктермен салыстырғандағы бағасын, іске асырудың техникалық-экономикалық тиімділік бағасын қамтуы мүмкін.

5.9 Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

а) тақырыпты зерделеу тарихын ашуға, зерттеу нәтижелерін және білім алушының қорытындыларын растауға мүмкіндік берген теориялық, ғылыми, әдістемелік дереккөздерді қамтуы тиіс;

б) дереккөздердің ішінде міндетті түрде соңғы жылдарда шыққан қазіргі заманғы ғылыми және (немесе) оқу әдебиеті болуы тиіс;

в) дереккөздер Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережелері атты 7.1-2003 МСТ-ға сәйкес сипатталуы керек;

г) дипломдық жұмыста дереккөздердің саны 30-дан; магистрлік диссертацияда – 60-тан; бітіру жобасында – 20-дан кем болмауы тиіс.

Пайдаланылған дереккөздер тізімін рәсімдеу үлгісі 6-қосымшада келтірілген.

5.10 Қосымша:

а) қандай да бір себептермен негізгі бөлімге енгізілуі мүмкін емес, зерттеуді орындауға қатысты материалдарды қамтуы тиіс, оның ішінде:

- аралық математикалық дәлелдер, формулалар және есептеулер;
- қосымша сандық деректер кестелері;
- сынақтар хаттамалары;
- эксперименттер, өлшеулер және сынақтар жүргізу кезінде қолданылатын аппаратура мен аспаптардың сипаттамасы;
- диссертациялық жұмысты/жобаны орындау барысында әзірленген компьютерлік техниканың көмегімен шешілетін міндеттердің алгоритмдері мен бағдарламаларының нұсқаулықтары, әдістемелері, сипаттамасы;
- көмекші сипаттағы иллюстрациялар, фотосуреттер;
- диссертациялық жұмыстың/жобаның нәтижелерін енгізу актілері және т.б.

б) қосымшалар техникалық және жаратылыстану-ғылыми бейіндегі білім беру бағдарламалары шеңберінде орындалған бітіру жұмыстарының міндетті құрылымдық элементі болып табылады.

6. Студент пен магистранттың бітіру жұмысын/жобасын рәсімдеуге қойылатын техникалық талаптар

6.1 Жұмыс көлемі:

а) дипломдық жұмыс – техникалық және жаратылыстану-ғылыми бейіндегі білім беру бағдарламалары үшін машинамен басылған мәтіннің кемінде 25 парағы; басқа бейіндегі білім беру бағдарламалары үшін машинамен басылған мәтіннің кемінде 50 парағы;

б) магистрлік диссертация – техникалық және жаратылыстану-ғылыми бейіндегі білім беру бағдарламалары үшін машинамен басылған мәтіннің кемінде 30 парағы; басқа бейіндегі білім беру бағдарламалары үшін машинамен басылған мәтіннің кемінде 70 парағы;

в) бітіру жобасы – кемінде 20 бет.

6.2 Жұмыстың құрылымдық бөліктерінің көлемі:

а) Дипломдық жұмыстың/жобаның кіріспесі – кемінде екі бет;

б) Магистрлік диссертацияның/жобаның кіріспесі – кемінде үш бет;

в) Дипломдық жұмыстың/жобаның қорытындысы – кемінде екі бет;

г) Магистрлік диссертацияның/жобаның қорытындысы – кемінде үш бет;

д) Қосымша жұмыс көлеміне кірмейді.

6.3 Мәтінді теру әдісі:

а) бітіру жұмысы/ жобасы компьютерде басып шығару арқылы орындалуы тиіс;

б) бітіру жұмысы/жобасы принтердің көмегімен А4 форматтағы ақ қағаз парағының бір жақ бетінде бір интервал арқылы қатты мұқабада басылып шығарылады;

в) қарпі – «Times New Roman»;

г) кеглі – 14 п.т.;

д) интервалы – бір жолдық;

е) бағдары – кітап түрінде;

ж) әртүрлі гарнитуралардың қаріптерін, негізінен «курсивті» қолдана отырып, белгілі бір терминдерге, формулаларға, теоремаларға назар аудару үшін компьютер мүмкіндіктерін пайдалануға рұқсат етіледі;

з) жұмыс барысында бейненің тығыздығын, алуан түрлілігі мен анықтығын сақтау қажет.

6.4 Беттің параметрлері:

а) жиектері: сол жағы – 30 мм, оң жағы – 10 мм, жоғарғы жағы – 20 мм, төменгі жағы – 25 мм;

б) абзац шегінісі – 0,8 (төртінші белгіден бастап).

6.5 Беттерді нөмірлеу:

а) беттер араб цифрларымен бүкіл мәтін бойынша үздіксіз нөмірленеді;

б) беттің нөмірі беттің төменгі бөлігінің ортасына нүктесіз қойылады.

в) мұқаба, титул парағы және бітіру жұмысына тапсырма нөмірленбейді, бірақ жалпы беттер санына кіреді;

г) жеке парақтарда орналасқан нормативтік сілтемелер, анықтамалар, қысқартулар нөмірленбейді, бірақ жалпы беттер санына кіреді;

д) мазмұны нөмірленбейді, бірақ беттердің жалпы нөмірленуіне кіреді; реттік нөмірі Кіріспенің бірінші бетінен бастап қойылады;

е) жеке парақтарда орналасқан иллюстрациялар мен кестелер жұмыс беттерінің жалпы нөмірленуіне енгізіледі. А3 формат парағындағы иллюстрациялар мен кестелер бір бет болып есептеледі.

6.6 Жұмыс бөлімдерін нөмірлеу:

а) жұмыстың негізгі бөлігінің бөлімдерінде барлық жұмыс шегінде араб цифрларымен нүктесіз белгіленген және абзац шегінісінен жазылған реттік нөмірлер болуы тиіс;

б) жұмыстың негізгі бөлігінің кіші бөлімдері нүктемен бөлінген әрбір кіші бөлімнің шегінде нөмірленуі тиіс.

Бөлімдер мен кіші бөлімдерді нөмірлеу үлгілері 7-қосымшада көрсетілген.

6.7 Жұмыстың құрылымдық элементтерін рәсімдеу:

а) жұмыстың құрылымдық элементтерінің атаулары тақырыптар болып табылады.

б) құрылымдық элементтердің атауларын азат жолдан (төртінші белгі) бас әріппен, соңына нүкте қоймай, тырнақшасыз, қарпін жуан қылдырмай және астын сызбай теру керек. Екі сөйлемнен тұратын атау нүктемен бөлінеді.

в) әрбір құрылымдық элемент жаңа парақтан немесе беттен басталады. Атауы екі жолдық интервалмен бөлінеді (екі Enter).

г) бір бөлімнің ішіндегі кіші бөлімдер мәтіннен екі жолдық (екі Enter) интервалмен өзара бөлінеді.

д) жұмыстың Мазмұнында негізгі бөліктің бөлімдері мен кіші бөлімдерін тізімдеу

кезінде олардың реттік нөмірі және бөлу нүктесін және қандай да бір ерекше белгілерді немесе таңбаларды пайдаланбай толық атауы көрсетіледі.

6.8 Иллюстрацияларды рәсімдеу:

а) иллюстрациялар қатарына сызбалар, карталар, графиктер, сұлбалар, диаграммалар, фотосуреттер жатады;

б) иллюстрациялар олар бірінші рет аталып отырған мәтіннен кейін немесе келесі бетте орналастырылады;

в) иллюстрациялар түрлі-түсті болуы мүмкін;

г) иллюстрациялар араб цифрларымен үздіксіз нөмірленеді. Бөлім шегінде нөмірлеуге рұқсат етіледі. Барлық иллюстрацияларға сілтемелер берілуі керек. Иллюстрациялардың, суреттердің атаулары және қажет болған жағдайда түсіндірмелері (сурет астындағы мәтін) болуы тиіс. «Сурет» сөзі және оның атауы жолдың ортасында түсіндірме деректерінен кейін бас әріппен жазылады, сурет нөмірінен кейін нүкте қойылады:

1-сурет. Суреттің атауы

6.9 Кестелерді рәсімдеу:

а) кестелер олар бірінші рет аталып отырған мәтіннен кейін немесе келесі бетте орналасуы керек;

б) барлық кестелерге сілтемелер берілуі керек;

в) кестенің атауы парақтың сол жақ жоғарғы бөлігіндегі «Кесте» сөзі мен оның нөмірінен кейін келесі жолда абзац шегінісімен кестенің үстіне орналастырылуы тиіс:

1-кесте

Кестенің атауы

г) жолдар саны көп кестені басқа параққа немесе бетке тасымалдауға рұқсат етіледі. Беттің бір бөлігін басқа параққа немесе параққа ауыстырған кезде «Кесте» деген сөз, оның нөмірі мен атауы беттің бірінші бөлігінің сол жағында бір рет көрсетіледі, басқа бөліктердің үстіне нөмір көрсетіле отырып «Кестенің жалғасы» деп жазылады. Кестенің бір бөлігін тасымалдау кезінде кестені шектейтін төменгі көлденең сызық қойылмайды. Бағандары көп кесте Қосымшада орналастырылады.

Егер кестенің бағанында қайталанатын мәтін бір сөзден тұратын болса, оны бірінші жазғаннан кейін тырнақшалармен алмастыруға болады; егер екі немесе одан да көп сөзден тұратын болса, онда бірінші қайталанған кезде оны «Сол сияқты» деген сөздермен, ал бұдан әрі – тырнақшалармен алмастырады. Қайталанатын сандардың, маркалардың, белгілердің, математикалық және химиялық таңбалардың орнына тырнақша қоюға жол берілмейді;

д) кестелерде берілген шамалардың өлшем бірліктері көрсетілуі, оларды қысқарту ережелері сақталуы тиіс. Бағандарда және басқа мәтінде өз бетінше қысқартуға жол берілмейді;

е) кестенің мәтіндік материалдарында сөйлемдердің соңында нүкте қойылмайды.

ж) егер кестенің қандай да бір жолында сандық немесе өзге деректер келтірілмесе, онда ол жолға сызықша қойылады;

з) кестелер араб цифрларымен үздіксіз нөмірленеді;

и) кестеде мәтінге қарағанда кішірек қаріп өлшемін қолдануға рұқсат етіледі.

6.10 Ескертулерді рәсімдеу:

а) ескерту тікелей мәтіндік, графикалық материалдан кейін немесе осы ескерулерге қатысы бар кестеде орналастырылуы тиіс;

б) ескертулер кестенің соңында кестенің аяқталуын білдіретін көлденең сызықтың үстіне жазылады;

в) «Ескерту» сөзін бас әріппен, азат жолдан, әріптерді сиректетіп, астын сызусыз теру керек. Егер ескерту біреу болса, онда «Ескерту» деген сөзден кейін сызықша қойылып, ескерту бас әрпімен теріледі. Бір ескерту нөмірленбейді, бірнеше ескерту араб

цифрларымен нүкте қойылмай ретімен нөмірленеді.

6.11 Формулалар мен теңдеулерді рәсімдеу:

а) мәтіндегі формулалар мен теңдеулер бөлек жолға жазылады. Әрбір формуланың немесе теңдеудің жоғары және төменгі жағынан кемінде бір бос жол қалдырылуы тиіс. Егер теңдеу бір жолға сыймаса, онда ол тең (=) белгісінен кейін немесе қосу (+), алу (-), көбейту (х), бөлу (:) немесе басқа математикалық белгілерден кейін тасымалдануы тиіс, сонымен бірге бұл белгілер келесі жолда қайталанатын болады;

б) символдар мен сандық коэффициенттердің түсініктемесі формулада берілген ретпен тікелей формуланың астында жазылады. Әр символ мен коэффициенттің мәні жаңа жолдан берілуі керек. Түсініктеменің бірінші жолы «мұндағы» деген сөзден басталып, қос нүктесіз жазылады;

в) бітіру жұмысындағы формулалар барлық жұмыс шегінде жолдың шеткі оң жағында жақшаға алынған араб цифрларымен нөмірленуі керек. Бөлім шегінде формулаларды нөмірлеуге рұқсат етіледі. Бұл жағдайда формула нөмірі бөлім нөмірінен және нүктемен бөлінген формуланың реттік нөмірінен тұрады;

г) химиялық формулалар ChemSketch, ChemDraw және т.б. химиялық редакторлардың көмегімен жазылады.

6.12 Тізбелерді рәсімдеу:

а) тізбелер абзац шегінісінен жазылады;

б) қарапайым тізбелерді белгілеу үшін таңбаланған тізімдерді қолдану керек, маркер ретінде сызықшаны пайдалану ұсынылады;

в) көп деңгейлі тізімді құру кезінде тізімнің бірінші деңгейлері үшін 1)-типті сандарды пайдалану керек, соңғы деңгей үшін маркер ретінде сызықшаны қолдану ұсынылады.

Тізбелерді рәсімдеу үлгісі 8-қосымшада ұсынылған.

6.13 Дереккөздерге сілтемелерді рәсімдеу:

а) пайдаланылған дереккөздерге сілтемелер шаршы жақшада беріледі. Бір дереккөзге бірнеше рет сілтеме жасаған кезде шаршы жақшада, көздің реттік нөмірінен басқа, тиісті беттер қойылады. Бұл ретте осы дереккөздің реттік нөмірі ол алғаш рет пайдаланылған түрінде сақталады;

б) дереккөздің реттік нөмірі мен бет нөмірі нүктелі үтірмен бөлінеді;

с) мәтіндегі сілтемелер саны пайдаланылған әдебиеттер тізіміндегі дереккөздер санына сәйкес келуі тиіс;

д) дереккөздер туралы мәлімет жұмыс мәтініндегі дереккөздерге сілтемелердің пайда болу ретімен орналастырылады, араб цифрларымен нүктесіз нөмірленіп, абзац шегінісінен теріледі;

6.14 Қосымшаларды рәсімдеу:

а) қосымша бітіру жұмысының жалғасы ретінде ресімделеді, пайдаланылған дереккөздер тізімінен кейін орналастырылады және бітіру жұмысының/ жобасының жалпы көлеміне кірмейді;

б) мәтінде барлық қосымшаларға сілтемелер болуы керек. Қосымшалар мәтінде оларға сілтеме жасау ретімен орналастырылады;

в) әрбір қосымша жаңа беттен басталады, беттің жоғарғы жағының ортасында нөмірі көрсетіле отырып, Қосымша сөзі мен оның белгіленуі бас әріппен жазылады;

